

БЕКІТІЛДІ

Ақтөбе облысы әкімдігі 2020 жылғы
«11» желтоқсандағы №448 қаулысымен



«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ – 2021 жыл

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№74 жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің жарғысы**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№74 жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - коммуналдық мемлекеттік мекеме) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру функцияларын іске асыру үшін ұйымдық - құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мемлекеттік мекеме болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. «№74 жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2020 жылғы «1» қыркүйектегі №3318 қаулысымен құрылған.
4. «№74 жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі - құрылтайшы).
5. Аталған саланың уәкілетті органы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы), ал мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган).
6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№74 жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: индекс 030017, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Рауан тұрғын үй алабы, 10А құрылышы.

**2. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ ЗАҢДЫ
МӘРТЕБЕСІ**

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік тіркеуге алынған уақытынан бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.
9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекемесінің атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.
10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысуышы) бола алмайды.
11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілік лайықты бюджет қаражатымен Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлікте болады.
12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТИНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

13. Мекеме қызметінің мәні – ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым жетістіктері мен оның тәжірибесі негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.
14. Білім алушылардың жалпы ғылыми және мәдени дайындықтарын қалыптастыру, мамандықты саналы түрде тандау үшін негіз қалыптастыру, қоғамның шығармашылық қуатын дайындау, мектеп оқушысының жеке тұлғасын, ар-намысын қадірлеу, оған сену, оның жеке мақсаттары мен мұдделерін қабылдау мекеме қызметінің мақсаты болып табылады.
15. Мақсатқа жету үшін коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:
 - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру;
 - мекеменің мектеп жанынан әр баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, балаларды күту және қадағалауды үйімдастыру, баланың денсаулығындағы ауытқушылықты уақытылы түзету, ата-аналармен педагогикалық-психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу, балалардың ақыл-ойының, дene бітімінің, адамгершілік, эстетикалық, танымдық дамуын, баланың ерте әлеуметтенуін қамтамасыз ететін мектепке дейінгі шағын орталық ашуға мүмкіндігі бар;
 - пәндер бойынша терендетіп оқыту бағдарламаларын іске асыру;
 - бейіналды және бейіндік дайындық бағдарламаларын жүзеге асыру;
 - қосымша білім беру, сауықтыру, спорттық қызметтерді көрсету (оның ішінде ақылы);
 - білім беру мекеме қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмысын үйімдастыру;
 - оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу құралдар, ғылыми, әдістемелік, анықтамалық әдебиеттерді әзірлеу;
 - психологиялық диагностика мен тестілеу өткізу;
 - семинар, конференция, байқау, олимпиадалар үйімдастыру;
 - концерттер мен көрмелер үйімдастыру.

Коммуналдық білім беру мекемесінің міндеттері:

- 1) білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын менгеру арқылы білім алушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға жағдайлар жасау;
 - 2) "Білім туралы" Заңына сәйкес әзірленген білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартында (бұдан әрі – МЖМБС) көзделген ғылымдардың базистік негіздерін алудың қамтамасыз ету;
 - 3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
 - 4) азаматтылықта және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;
 - 5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттіліктерін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндettтеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
 - 6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;
 - 7) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
 - 8) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;
 - 9) қоғам мен экономиканың қажеттілігіне жауап беретін білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі болып табылады.
16. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.
 17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.
 18. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндettмелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

4. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІН БАСҚАРУ

19. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:
- 1) мемлекеттік мекеменің құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы туралы шешім қабылдайды;
 - 2) мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
20. Мемлекеттік мұлік бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:
- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мұлікті бекітіп береді;
 - 2) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
21. Коммуналдық мемлекеттік мекемесін жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органды (жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:
- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
 - 2) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
 - 3) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
 - 4) коммуналдық мемлекеттік мекеме құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
 - 5) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
22. Коммуналдық мемлекеттік мекемесін басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, тиісті үлгідегі білім беру үйымы қызметінің үлгілік ережелері мен осы Жарғыға сәйкес жеке-дара басқару және алқалылық принциптерімен жүзеге асырылады.
23. Коммуналдық мемлекеттік мекемесін тікелей басқаруды директор жүзеге асырады.
24. Директор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.
25. Директор лауазымға білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде тағайындалады.
26. Директор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.
27. Директор мекеме жұмысын үйымдастырады және басшылық жасайды, жергілікті атқарушы органға тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы

заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

28. Директор дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.
29. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыруы барысында директор Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 2) органдарда, басқа да үйымдарда мекеменің мүддесін білдіреді;
 - 3) келісім-шарттар жасасады;
 - 4) сенімхаттар береді;
 - 5) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іс сапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оку орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
 - 6) банк шоттарын ашады;
 - 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
 - 8) жергілікті атқарушы орган тағайындастырын қызметкерлерден басқа, мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
 - 9) коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;
 - 10) өз орынбасарларының және мекеменің басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындаиды;
 - 11) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кәмеллетік жасқа толмаған балалардың қамқорлығын және қорғаншылығын ұйымдастырады;
 - 12) өз құзіретіне сай оқу-тәrbие процесі мазмұнының мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігіне мерзім сайын бақылауды ұйымдастырып, өткізіп отырады;
 - 13) мектептің оқу жоспарларын бекітеді, өз құзіретіне сай мектептің аттестациясын өткізеді;
 - 14) әдістемелік қамтамасыз етуді жоспарлап, ұйымдастырады;
 - 15) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен (ережемен) және тиісті саланың уәкілетті органымен (жергілікті атқарушы орган) жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
30. Директор мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша бас бухгалтерді лауазымға тағайындаиды және лауазымнан босатады.
31. Директорға өзінің лауазымын білім беру үйымдары ішіндегі немесе одан тыс жерлердегі басқа да басшылық (ғылыми және ғылыми-әдістемелік басшылықтан басқа) лауазымдармен қоса атқаруға тыйым салынады.

32. Директордың лауазымдық міндеттерін қоса атқаруға болмайды.
33. Директор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:
- 1) білім беру үйыми білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
 - 2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;
 - 3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын бұзғаны;
 - 4) білім беру үйими білім алушыларының және тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;
 - 5) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын нысаналы пайдаланбағаны;
 - 6) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптарды өзге де бұзғаны үшін жауаптылықта болады.
34. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде алқалы басқару органдары құрылады. Алқалы басқарудың нысандары, оларды сайлау тәртібімен қоса, жұмысты үйымдастырудың үлгілік ережелерін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін педагогтік кеңес, қамқоршылық кеңес, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми әдістемелік), кеңестер және басқа да нысандар бола алады.
35. Педагогикалық кеңес коммуналдық мемлекеттік мекемесін алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.
36. Педагогикалық кеңес:
- 1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;
 - 2) оқу жұмыс жоспарларын бекіту;
 - 3) білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;
 - 4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын үйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;
 - 5) білім алушыларға қорытынды атtestаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы атtestат, жалпы орта білімі туралы үздік атtestат, жалпы орта білімі туралы атtestат, белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы шешімдер қабылдау;
 - 6) коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, оларды атtestаттауға дайындау, марапаттау және көтермелебеу;
 - 7) білім беру үйыминың үш тілде оқытуға ауысуы;

- 8) экстернаттық оқыту нысанындағы білім алушыларға рұқсат беру, қорытынды аттестаттау жүргізу;
 - 9) зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музикалық-шығармашылық конкурстарға қатысушы білім алушыларға жеке жұмысты ұйымдастыру;
 - 10) сабак кестесін құрастыру;
 - 11) білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;
 - 12) білім алушының (тәрбиеленушінің) эмоциялық-ерік және дамуын зерделеу;
 - 13) окуы мен тәрбиесінде тұрақты қындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;
 - 14) кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оку жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау мәселелерін қарастырады.
37. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымдарының барлық педагогтары кіреді.
38. Директор педагогикалық кеңестің төрағасы болып табылады. Педагогикалық кеңестің хатшысын бір жылға кеңес мүшелерімен сайланады.
39. Педагогикалық кеңестің құрамы бір оку жылына директордың бүйрекшімен бекітіледі.
40. Педагогикалық кеңестің отырысына педагогикалық кеңестің мүшелері шақырылады. Қарастырылатын мәселеге сәйкес қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің мүшелері, білім беру ұйымдарына қарасты медициналық пункт қызметкерлері, сондай-ақ білім алушылардың ата-аналары қосымша шақырылады.
41. Педагогикалық кеңестің жұмысы бір оку жылына әзірленетін және директор бекітетін жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі.
42. Педагогикалық кеңестің отырысы жоспарлы (жылына кемінде 5 рет) және жоспардан тыс (туындаған проблемаларды талдауды, оларды еңсеру жолдарын пысықтауды, рұқсат берілетін жүктемені анықтауды, оқыту режимі мен нысанын өзгерту қажеттігін қарастыратын, педагогтардың немесе ата-аналардың сұраныстары бойынша ұйымдастырылады) болып бөлінеді. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелерінің 1/4 ұсынысы бойынша педагогикалық кеңестің жоспардан тыс отырысы өткізіледі.
43. Отрысты өткізуге дайындық отырыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жоспарланады. Білім алушылармен (тәрбиеленушілермен) тікелей жұмыс жүргізетін қызметкерлер отырыс өткізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күн қалғанда хатшыға тиісті құжаттарды ұсынады. Педагогикалық кеңес отырысының уақыты, орны және тәртібі мектеп әкімшілігімен келісіледі.

44. Педагогикалық кеңестің шешімі дауыс берушілердің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тен болған жағдайда тәраға дауысы шешуші болып табылады. Педагогикалық кеңестің құзыреті шегінде қабылданған және заңнамаға қайшы келмейтін шешімдері орындауға міндettі болып табылады.
45. Педагогикалық кеңестің отырысы бойынша хаттама шығарылады. Хаттамаға кеңестің тәрағасы мен хатшысы қол қояды.
46. Педагогикалық кеңес отырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі және орындауға жауапты тұлға көрсетілген қаулы шығарады. Кеңестің кезекті отырысында тәраға өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу нәтижесі туралы қорытынды шығарады.
47. Педагогикалық кеңестің хаттама кітапшасының әрбір беті нөмірленген, жіппен тігілген, білім беру үйымының мөрімен және білім беру үйымы басшысының қолымен бекітілген болуы керек.
48. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде алқалы басқарудың нысанының бірі ретінде Қамқоршылық кеңес болып табылады. Қамқоршылық кеңес жұмысын үйімдастыру, оны сайлау тәртібі ережелерін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

5. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕГЕ (МЕКТЕПКЕ) БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

49. Коммуналдық мемлекеттік мекеме (мектеп) оқуға қабылдауды Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңға, Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына өзге де нормативтік құқықтық актілерге, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.
50. Білім алушылардың қатарына қабылдау мектеп директорының бүйрығы негізінде жүргізіледі.
51. Сыныптарды білім алушылардың даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша жасақтауға рұқсат етілмейді.
52. Мектепке білім алушыларды қабылдау кезінде директор Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де занды өкілдерімен шарт жасайды.
53. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды мектепке оқуға қабылдау баланың ата-анасының немесе өзге занды өкілдерінің келісімімен педагогикалық-медицинскаялық-психологиялық консультация қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.
54. Мектепке дайындық деңгейіне қарамастан, осы мектеп қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете

отырып, алты жастағы және құнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

55. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру екі тәсіл: көрсетілетін қызметті беруші арқылы "электрондық үкімет" веб-порталы және мектеп арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.
56. Мемлекеттік қызметті алу үшін баланың ата-аналары немесе өзге занды өкілдері көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметті көрсету стандартында көрсетілген Үлгілік қағидаларға сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.
57. Мектептің бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де занды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы құнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырылады.
58. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда мектептің бірінші сыныбына құжаттарды қабылдау ағымдағы жылғы 20 тамыздан кешіктірілмей жүргізіледі.
59. Мектеп бірінші сыныпқа қабылдау туралы бұйрықты ағымдағы жылғы 25 тамыздан кейін шығарады.
60. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік Қағидаларға сәйкес "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес портал арқылы немесе көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.
61. Білім алушыларды метептің екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы сыныптарына қабылдау білім беру үйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.
62. Мектептің оныншы, он бірінші сыныптарына білім алушыларды қабылдау мектептің қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе өзге де занды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады.
63. Өтініштерді қабылдау негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатты бергеннен кейін басталады.

6. ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАНЫРУ

64. Мектептегі оқу-тәрбие процесі жұмыстық оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

65. Мектеп жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.
66. Оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.
67. Мектепте оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабактардың кестесі негізінде жүзеге асырылады.
68. Мектепте журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.
69. Мектепте тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.
70. Мектепте нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насиҳаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насиҳаттауға тыйым салынады.
71. Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектердің құқықтарына білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде құрметпен қарау негізінде жүзеге асырылады.
72. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.
73. Мектеп оқу процесін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.
74. Мектеп үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.
75. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машиқтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.
76. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін

қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

77. Үлгілік оку бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.
78. Жалпы орта білім берудің үлгілік оку бағдарламалары бейіндік оқытуды енгізе отырып, дифференциациялау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленген.
79. Меншік нысандарына қарамастан, барлық білім беру үйымдары білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.
80. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оку жүктемесі, сабак режимі МЖМБС, санитариялық қағидалардың, үлгілік оку жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру үйымдары бекітетін ережелермен айқындалады.
81. Білім беру үйымындағы сабактар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.
82. Сабак кестесінде оку сабактарының құнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.
83. Білім беру үйымдарындағы сабак кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді.
84. Білім беру үйымдары бір күндеңі ең жоғары оку жүктемесін белгілеуде, өздерінің жарғыларында айқындалатын оқыту нысандарын, қуралдарын және әдістерін таңдауда дербес болады.
85. Мектеп білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.
86. Мектепте оқыту және тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізіледі.
87. Мектеп ата-аналардың (немесе өзге де занды өкілдердің) қалауы бойынша жалпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың бір бөлігін игеру үшін күндізгі білім алу, экстернат және қашықтықтан білім алу нысанында окуға жағдай жасауға ықпал етіп, көмек көрсетеді.
88. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оку процесін үйимдастыру білім беру саласындағы уәкілетті органмен әзірленген қағидалар негізінде жүзеге асырылады.
89. Мектепте сыныптарды толықтыру 25 оқушыдан артық емес болып белгіленеді. Жоғары сыныптарда сыныптардың толықтыруын 20 оқушыға дейін азайтуға жол беріледі.
90. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде мектепте оқу-тәрбие процесі денсаулық саласындағы өкілетті органмен бекітілген "Білім беру

объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

91. Мектептегі тәртіп оқушылардың және педагогикалық қызметкерлердің адамгершілік абыройын құрметтеу негізінде жүзеге асады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.
92. 16 жасқа толмаған білім алушылар орта білім беру мемлекеттік ұйымынан ерекше жағдайларда ғана, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымының мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша шығарылады.
93. Жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығынсыз қалған білім алушыларды мектептен шығару шешімі қорғанышылық және қамкоршылық органының келісімімен қабылданады.
94. Мектеп ата-аналар мен кәмелеттік жасқа толмаған білім алушылардың өзге де заньды өкілдеріне оқу-тәрбие процесінің барысы мен мазмұнымен, сонымен қатар білім алушылардың үлгерімімен танысуға мүмкіндік береді.
95. Мектепте оку жылы қыркүйек айының бірінші күнінен басталады, егер де бұл күн жексенбіге сәйкес келсе, онда оку жылы одан кейін бірінші жұмыс күнінен басталады. Оку жылы 25 мамырда аяқталады. Оку жылының ұзақтығы: 1 сыйыптарда – 33 апта; 2-11 сыйыптарда – 34 апта.
96. Каникул уақыты әр жыл сайын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен айқындалады.
97. Мектепте сабактың ұзақтығы қырық минуттан аспайды. Бірінші сыйыптарда оку жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оку сабактарының "сатылы" режимін қолданылады. I, II тоқсанда 35 минут, III тоқсанда бастап – 40 минуттан жоспарланады.
98. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік стандартқа сәйкес жекеленген пәндер оқытуда сыйыптарды екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылады.
99. Мектепте білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламасын жаңартылған білім мазмұнында оқытылуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
100. Білім алушылар ата-аналардың мүдделерін ескере отырып және қабілеттерін дамыту мақсатында оку жоспарының вариативті бөлігі есебінен сыйыптарда қосымша пәндер енгізуі мүмкін.

7. БІЛІМДЕРДІ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІ, ОЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ НЫСАНДАРА ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

101. Негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру ҚР-ның Білім және ғылым министрлігімен бекітілген ережемен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын мектеп бітірушілерді міндетті қорытынды атtestаттаумен аяқталады.

102. Мектеп білім алушыларды аралық аттестаттау нысандарын, тәртібін және мерзімін тандауда дербестік таныта алады.
103. Білім деңгейін ағымдық бақылау сынып журналының және білім алушылар күнделігінің негізінде жүргізіледі. Білім бағдарламасын толық менгерген білім алушылар келесі сыныпқа көшіріледі. Оқу мерзімінің жартысынан көп уақытын олардың жағдайына тәуелсіз себептермен жіберген білім алушылар аттестатталмайды.
104. Жаңартылған білім мазмұнының бағдарламасы бойынша білім алушылардың білім жетістігі деңгейін бағалау жүйесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі үйрекшімен бекітілген нұсқаулығы негізінде анықталады.
105. Білім алушылар мемлекеттік емтиханнан денсаулығына байланысты медициналық комиссия қорытындысы негізінде босатылады. Емтиханнан босатуға құқық беретін аурулар тізімін КР Білім және ғылым министрлігі белгілейді.
106. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға негізгі орта білім туралы аттестат беріледі. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

8. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ТІЗБЕСІ МЕН ТӘРТІБІ

107. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мектеп бюджет қаржаттары есебінен көрсететін білім беру қызметтері тегін ұсынылады.
108. Мектепке:
- 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шенберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, оқушылардан және педагогтерден ақшаны өндіріп алуға тыйым салынады.
109. Мектеп мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде мынадай:
- 1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;
 - 2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабактар ұйымдастыру;
 - 3) пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін терендептіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

- 4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер мен ересек жүртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;
 - 5) музика аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;
 - 6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысуышылардың тамақтануын қамтамасыз ету;
 - 7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;
 - 8) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру (білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);
 - 9) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе участкерінің өнімдерін өндіру мен өткізу үйымдастыру;
 - 10) ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беруге құқылы.
110. Мектеп дene шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылышайларын мұліктік жалдауға (жалға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.
111. Мектеп мұліктік жалдауға (жалға) беруден алынған кірістерді өзі дербес пайдаланады.
112. Мектеп ақылы негізде ұсынатын тауарларға (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.
113. Ақылы негізде қызметтер көрсету мектеп пен білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де занды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.
114. Білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.
115. Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғаюы жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.
116. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік стандартының негізінде жасалып, Эксперттік кеңесімен келісілген және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ бүйрүғы негізінде ұсынылады.
117. Мектептің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін қаражат мектептің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарлары бойынша пайдаланылады.

118. Базалық оку жоспарынан түсken артық қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік білім беру мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсken ақшаны жұмсауы қағидалары негізінде жұмсалады.

9. МЕКТЕП ПЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАНДЫ ӨКІЛДЕРІМЕН ҚАТЫНАСТАРЫН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

119. Білім беру істерінің қатысуышылары, олар оқушылар, мектептің педагогикалық қызметкерлері, оқушылардың ата-аналары (немесе өзге де занды өкілдері) болып табылады.
120. Білім алатын адамдар білім алушылар немесе тәрбиеленушілер болып табылады.
121. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:
- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
 - 2) мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шенберінде жеке оку жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;
 - 3) оку жоспарларына сәйкес баламалы курстарды тандауға;
 - 4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;
 - 5) мектепті басқаруға қатысуға;
 - 6) қайта қабылдануға және бір оку орнынан басқасына ауысуға;
 - 7) мектепте, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;
 - 8) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыйынтарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
 - 9) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
 - 10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
 - 11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.
122. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оку процесінен аланнатуға жол берілмейді.
123. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті,

практикалық дағдылар мен біліктілікті менгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, осы Жарғыда және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

124. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті.
125. Мектепте білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.
126. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оку орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.
127. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзғаны үшін оларға мектептің ішкі тәртібінің ережелерімен және осы Жарғымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.
128. Мектепте білім алушылардың, тәрбиеленушілердің науқастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына қалыптастыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.
129. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оку жүктемесі, сабак режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар, оку жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде әзірленген мектеп бекітетін ережелермен айқындалады.
130. Мектеп денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына үнемі бақылау жасауды, оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға медициналық пункттер үшін үй-жайлар ұсынады.
131. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ерікті түрде білім алушылардың өзін-өзі басқару органдары мен білім алушылар ұйымдары жұмыс жасауына болады. Олар білім алушылардың өзін-өзі басқару органдары туралы Ережеде көрсетілген өкілеттілікке сәйкес басқаруға қатынасады.
132. Басқару органдарының білім алушылардың мүддесіне қатысты сұрақтарды таңдау кезінде отырыстарына мектеп білім алушылар ұйымының өкілін қатыстыра алады және окушы ұйымдарына қажетті ақпараттар ұсына алады.
133. Мектеп білім алушыларына ұлты, жынысы, тілі, жасы, денсаулық жағдайы, әлеуметтік, мұліктік және лауазымдық жағдайы, әлеуметтік шығу тегі, мекен-жайы, дінге қатынасына және нанымына тәуелсіз білім алудына кепілдік беріледі.
134. Білім алушыларды қоғамдық-саяси ұйымдарға, қозғалыстарға мәжбүрлеп кіргізуғе, сонымен қатар оларды осы ұйымдардың жұмысына мәжбүрлеп тартуға және үгіттеу компаниялары және саяси ағымдарға мәжібүрлеп қатыстыруға жол берілмейді.

135. Мектеп білім алушылары өзіне-өзі қызмет көрсетуге және қоғамдық пайдалы еңбек түрлеріне жасы, жынысы, дене мүмкіндіктеріне қарай денсаулықтарын қорғау және тазалық талаптары мен нормаларын ескере отырып тартылады. Еңбектің санитарлық-гигиеналық нормалары мен қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау мектеп әкімшілігіне, медициналық қызметкерге, мұғалімдерге, класс жетекшілеріне жүктеледі.
136. Білім алушыларды қоғамдық тапсырманы орындау, спорттық және басқа шараларға қатысу үшін сабактан босатуға, қызметкерлердің және білім алушылардың пікірлерін есепке ала отырып, мектеп әкімшілігінің рұқсатымен белгілі бір жағдайларда жол беріледі. Туристік саяхаттар және экскурсиялар директордың бекіткен мерзімі ішінде педагогикалық қызметкерлердің басшылығымен өтеді.
- Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері**
137. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:
- 1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру үйімін тандауға;
 - 2) ата-аналар комитеттері арқылы мектепті басқару органдарының жұмысына қатысуға;
 - 3) мектептен өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оку жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
 - 5) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;
 - 6) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алудына құқығы бар.
138. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:
- 1) балаларға өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
 - 2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындаі отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге;
 - 3) мектептің жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;
 - 4) балалардың оку орнындағы сабакта баруын қамтамасыз етуге;
 - 5) мектеп жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
 - 6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілелеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
 - 7) мектепте белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.
139. Қоғамдық үйім ретінде мектепте сынып және мектептің жалпы ата-аналар комитеттері жұмыс жасайды. Ата-аналар комитетінің жұмысын үйімдастыру, оны сайлау тәртібі ережелерін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

10. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МӘРТЕБЕСІ

140. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші педагогке ол кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін жағдайды қамтамасыз етеді.
141. Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде:
- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны кәсіптік міндettерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;
 - 2) одан Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыруға;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге;
 - 4) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндettі жүктеуге жол берілмейді.
142. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін олар кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.
143. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:
- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін тандауға;
 - 2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;
 - 3) білім алушылар, тәрбиленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінезд-құлық көрсетілуіне;
 - 4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;
 - 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуға;
 - 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
 - 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оку құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын тандауға;

- 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
 - 9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;
 - 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру үйыминың қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
 - 11) мектепті басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
 - 12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;
 - 13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
 - 14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;
 - 15) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;
 - 16) өзіне қатысты қабылданатын мектеп директорының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрган лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;
 - 17) білім алушылар, тәрбиленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де занды өкілдері тараапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;
 - 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.
144. Мектепте кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке еңбегіне ақы төлеу жүйесі, лауазымдық айлықақылар, қосымша ақылар, ұстемеақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.
145. Мектеп педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекітеді.
146. Мектепте кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамаға сәйкес айқындалады.
147. Педагогтің кәсіптік қызметіне:
- 1) соттың занды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;
 - 2) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;
 - 3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикалық, мінезд-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрган;
 - 4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

148. Педагогтерге:

1) ұзақтығы күнтізбелік 56 күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына;

2) өздеріне кезекті еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет кемінде бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақыға кепілдік беріледі.

149. Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктері білім беру саласындағы уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша бекітетін қағидаларда айқындалады.

150. Мектепте кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскең педагогке бір оку жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіліп беріледі.

151. Тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді.

152. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

153. Педагогтерге біліктілік санаттар білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен беріледі (расталады).

154. Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растастауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды занға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;
- 9) білім беру үйымының басшылығына өмірлік қызын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;
- 10) құқық қорғау органдарына және білім беру үйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру үйымынан тыс жерде кәсіптік қызметтіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;
- 11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

155. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насхаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.
156. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің қызметі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары негізінде білім беру үйымы айқындастырып жүзеге асырылады.
157. Қызметкер мен білім беру үйымының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

11. БІЛІМ БЕРУ ҮЙЫМДАРЫНА АЛЫП КІРУГЕ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНГАН ЗАТТАР ТІЗБЕСІ

1) Қарулар:

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б.);
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастыруышы бөлігі (оптикалық құрылғылар/көздеуіштерден басқа);
- газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;

- шеге қағу мен болттарды ұстаратын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапульталар, сұңгілер және найзалы құралдар;
- жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
- мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрыпсоғатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
- травматикалық және жарық – дыбыстық патрондарымен ұнғысыз қару;
- электрошокты құрылғылар және т.б.

2) қадалғыш / кескіш қарулар мен өткір заттар:

- балталар, сұңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);
- қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
- скальпелдер;
- металды жүлдіздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал – жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар бұрағыштар, балгалар;
- бұрандылар;
- тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бұктемелі жолға арналған пышақтар;
- бекіністік құрал-саймандар.

12. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ МҰЛКІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ

158. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мұлкінің бағасы оның теңгерімінде айқындалатын занды тұлғаның активтері құрайды. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұлкі мыналардың есебінен қалыптасады:

- 1) оған меншік иесі берген мұлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

159. Коммуналдық мемлекеттік мекеме смета құралдары бойынша бөлінген мүлік және оған бекітілген мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.
160. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, ол жағдайда білім беру өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.
161. Егер Қазақстан Республикасының заңдарына қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органы бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.
162. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.
163. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

13. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕГІ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

164. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.
165. Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, оларға еңбекақы төлеу жүйесі, тәртіптік шараларға және материалдық жауапкершілікке тарту Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көрсетілген тәртіппен анықталады.

14. МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТИН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

166. Мекеменің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексінде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.
167. Мекеме өз қызметін білім алушылардың оқытылуы мен тәрбиеленуіне арналған мемлекеттік тапсырыстың, сонымен қатар мекемелер мен ұйымдармен жасалған шаруашылық келісім-шарттар негізінде жүргізеді.
168. Мекеме ҚР заңдылықтарында белгіленген ретпен, Жарғы мен ҚР заңдарында қаралған ақылы қосымша оқыту, басқа да қызметтер есебінен қосымша қаражат қорларын тартуға құқылы Бұл реттегі кірістерді бөлу тәртібі мектеп Жарғысына сәйкес өз ішінде анықталады. Кірістер бірінші дәрежелі шараларды ескере отырып мақсатты түрде жүмсалады.
169. Қосымша қаражаттарды тарту мектептің бюджет есебінен қаржылануының мөлшері мен нормативтерінің азаюына әсерін тигізбейді.
170. Мектеп құрылтайшы келісімімен өзіне бекітілген меншік пен мүліктерді пайдалануға құқылы.
171. Мектеп мүлкі мен қаражатының қалыптасу көздері мыналар:

- 1) Республикалық және жергілікті бюджеттік қаражаттар;
- 2) Мектептің өз меншігіндегі мұліктері немесе олардың өкілетті органдары берген мұліктері;
- 3) Қосымша ақылы білім беру қызметі есебінен түсетін кіріс;
- 4) Занды және жеке тұлғалардың ерікті түрде көрсеткен көмектері;
- 5) Қазақстан Республикасы зандылықтарына сәйкес келетін басқа да қаржылар.

15. ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

172. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар еңгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.
173. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

16. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ

174. Халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.
175. Мектеп өз жұмысының ерекшеліктеріне сәйкес шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыстар орнатуға, ынтымақтастық туралы екі жақтан және көп жақты шарттар жасасуға, білім алушылар, магистранттар, педагогтер және ғылыми қызметкерлер алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуға, білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіруге құқығы бар.

17. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ШАРТТАРЫ

176. Коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

18. КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІН ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

177. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің

«№74 жалпы білім беретін

орта мектеп» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің директорының

міндеттін атқарушы



Ж.Е.Сейтмағанбетова

Тірілді, нөмерләнді.

25 бет

«№74 ЖЕВОМ» КПМ
директорының м.уа

Сүзбек Е. Сейтмаганов



Актың осалынан
Заңды тұлғаларды тіркеу